

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ФИЛИАЛЫ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 232 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес 2022 жылдың 01 наурызы мен 30 қыркүйек аралығында жыл сайынғы мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру педагогтеріне арналған «Педагогикалық идеялар панорамасы» (бұдан әрі – Конкурс) бейне-сабақтар және бейне-дәрістер Республикалық конкурсының Өңірлік кезеңі өткізіледі.

Байқаудың мақсаты: бірыңғай ақпараттық-білім кеңістігінде заманауи педагогикалық тәжірибені жинақтау және насихаттау, педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық және технологиялық құзыреттіліктерін арттыру.

Байқаудың міндеттері:

- педагогтің мәртебесін нығайтуға және оның беделін көтеруге ықпал ету;
- үздік педагогикалық тәжірибелерге қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- білім беру қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту;
- ҚР виртуалдық білім берудің кеңістігінде үздік бейне-сабақтар мен бейне -дәрістер қорын ұлғайту.

- Байқау келесі бағыттарды қамтиды:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы заманауи технологиялар;
- орта білім беруді оқытудағы заманауи технологиялар;
- техникалық және кәсіптік оқытудағы заманауи технологиялар;
- жоғары білімді оқытудағы заманауи технологиялар;
- қосымша білім беруді оқытудағы заманауи технологиялар.

Байқау ұйымдастырушысы: «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы.

Байқау тілі: қазақ, орыс, ағылшын.

Байқауға байланысты туындаған сұрақтарыңызды төмендегі мекен-жай бойынша біле аласыздар: Тараз қ-сы, Төле би даңғылы 69^А, тел: 8(7262) 54-61-81.

Толық ақпарат «Өрлеу»БАҰО» АҚ сайтында мына сілтеме бойынша орналастырылған <https://ppi.orleu-edu.kz/>.

Қатысушылардың өтінімдері мен конкурстық материалдары **2022 жылдың 14 наурызы мен 30 қыркүйек аралығында** мына сілтеме бойынша қабылданады <https://ppi.orleu-edu.kz/>.